

**Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің №35 "Балақай" бөбекжай-бақшасы
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының
2021-2022, 2022-2023 оқу жылының жұмыстарына өзін-өзі бағалау
анықтамасы.**

**Атырау қаласы
2023**

Мазмұны

Кіріспе

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы _____
2. Кадрлық –құрамға талдау _____
 - 2.1. Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет
 - 2.2. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер.
 - 2.3. Біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер
3. Тәрбиеленушілер контингенті _____
 - 3.1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау. Жасына байланысты тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет. Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәлімет.
 - 3.2. Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәлімет.
 - 3.3. 1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.
4. Оқу-әдістемелік жұмыс _____
 - 4.1. 2021-2022 оқу жылының оқу жоспарлары мен ұйымдасқан іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
 - 4.2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы
5. Оқу-материалдық активтер _____
 - 5.1. Ғимарат туралы мәлімет.
 - 5.1. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат
6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры _____
7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау _____
 - 7.1. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы және талдау
 - 7.2. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (қорытынды мониторинг) болуы және талдау
 - 7.3. Баланың жеке даму картасы
 - 7.4. Тәрбиеленушілердің жетістіктері.
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы _____
9. Қорытынды мен ұсыныстар _____

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бұйрығына, 2022 жылдың 23 маусым № 292 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа ала отырып, Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің №35 "Балақай" бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының 2023 жылғы 13 маусымдағы №-57нқ бұйрығы негізінде, 2023 жылдың 14 маусым айынан бастап ,30 маусым аралығында бөбекжай-бақшада өзін –өзі бағалау жұмыстары жүргізілді.

Өзін –өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- Комиссия төрайымы: - Г. Кардарова - бөбекжай-бақша меңгерушісі;
- А. Киртанова - комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша әдіскері;
 - А.Бисенбиева комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша психологы;
 - А.Алдабергенова комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша тәрбиешісі;
 - Э.Қозығалиева – тәрбиеші, комиссия хатшысы.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№35 «Балақай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы мен нақты орналасқан мекенжайы, пошта индексі) Бірлік ауылы, Қорқыт Ата көшесі 34 А. индекс 060015

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, фэйсбук, web-сайт) тел: 87122 39-40-70, электронды пошта balakai.2017@mail.ru, web-сайт: 35sad.kz

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі) БСН 170840002018

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә., қызметке тағайындалуы туралы бұйрық көшірмесі, электрондық поштасы) Кардарова Гулжанат Жабаяевна. 04.04.2017 № 115 бұйрық gulzhanat.kardarova72@bk.ru

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) № KZ37RVK00037457

Қосымша тіркелді: Білім беру ұйымы негізгі құжаттары.

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«№35 «Балақай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны өз жұмысның барысында төмендегі нормативтік құқықтық
актілерді басшылыққа алады:**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> _

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан
Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> _

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306> _

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу
арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343> _

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру
стандарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077> _

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының
үлгілік біліктілік сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750> _

Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен
жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031490>

2. Кадрлық құрамға талдау.

2.1. Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет

Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы 2021-2022 оқу жылында 32 педагог болса, 2022-2023 оқу жылында 31 педагог кадрмен қамтылды.

2021-2022 оқу жылында педагогтар саны -32:

Лауазымы	Саны	Бала күтіміне байланысты демалыста
директор	1	
әдіскер	1	
педагог-психолог	1	
саз маманы	2	
дене шынықтыру нұсқаушысы	1	
хореограф	1	
Орыс тілі маманы	1	
тәрбиешілер	24	
Барлығы	32	

2022-2023 оқу жылында педагогтар саны - 31:

Лауазымы	Саны	Бала күтіміне байланысты демалыста
директор	1	
әдіскер	1	
педагог-психолог	1	
саз маманы	2	
дене шынықтыру нұсқаушысы	1	
хореограф	1	
тәрбиешілер	24	
Барлығы	31	

Кадрларды жинақтау бөбекжай – бақшаның штаттық кестесіне сәйкес жүргізілуде. Enbek.kz сайттарына бос орындарға ашық түрде жарияланып отыр.

Қосымша тіркелді: бөбекжай –бақшаның штаттық кестесі

2.2.Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» сай №35 «Балақай» бөбекжай-бақшаның педагогтардың сапалық құрамына талдау жасады.

**Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер
2021-2022 оқу жылы**

Тиісті бейін	Жалпы педагогтар саны	Білімі	
		Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	26	8	18
Психология	1	1	
Дене шынықтыру және спорт	1	1	
Орыс тілі	1	1	
Хореограф	1		1
Саз жетекшісі	2		2
Басқа педагогикалық мамандық бойынша	-		
Барлығы	32	11	21


Түсініктеме: Берілген кестені талдау негізінде 2021-2022 оқу жылында бөбекжай-бақшада 26 педагогта «Мектепке дейінгі білімі және оқыту» мамандығы бойынша білімі бар. Оның ішінде директор -1, әдіскер-1, тәрбиеші -24.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер 2022-2023 оқу жылы

Тиісті бейін	Жалпы педагогтар саны	Білімі	
		Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	26	15	11
Психология	1	1	
Дене шынықтыру және спорт	1	1	
Хореограф	1		1
Саз жетекшісі	2	1	1
Басқа педагогикалық мамандық бойынша	-		
Барлығы	31	18	13

Түсініктеме: Берілген кестені талдау негізінде бөбекжай-бақшада 26 педагогта «Мектепке дейінгі білімі және оқыту» мамандығы бойынша білімі бар. Оның ішінде директор -1, әдіскер-1, тәрбиеші - 24

Педагогикалық кадрлармен қамтылу



Қорытынды: №35 «Балақай» бөбекжай-бақшаның педагогикалық кадрлармен қамтылуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес.

Қосымша тіркелді: Бөбекжай –бақшаның педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтер 2 -қосымша

2.3 Біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер

Бөбекжай-бақшамызда 2020-2023 оқу жылдар арасында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сай педагогтар біліктілік санатын көтеріп отырады. Төменде көрсетілген кестеге сай соңғы екі оқу жылында педагогтер санаты көтерілгені анықталды.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары біліктілік санатты		Педагог - зерттеуші		Бірінші Біліктілік санатты		Педагог – сарапшы		Екінші біліктілік санатты		Педагог модератор		Санаты жоқ		Педагог	
		саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы
2021-2022	32	2	6,3 %	0	0%	3	9,4 %	0	%	7	22 %	4	12,5 %	16	50 %	-	-
2022-2023	31	2	6,5 %	0	0%	3	9,7 %	0	%	7	23 %	4	12,9 %	15	49 %	-	-




Қорытынды: Педагогтардың біліктілік санаты бойынша мониторингін талдау барысында 2021-2022, 2022-2023 оқу жыл аралығында педагогтардың біліктілік санатының көрсеткіштері сақталғанын көрсетеді. Аттестаттаудан өту жоспарына сәйкес 2022-2023 оқу жылына біліктілік санатын алуға 3 педагог модератор біліктілік санатына өтініш беріп, портфолио кезеңінен және тестілеуден тиісті балын жинап, өтті. Біліктілік санатын көтеруге мүдделі педагогтер санының өсуі байқалады.

2.4. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Білім беру процесін сәтті жүзеге асырудың шарттарының бірі – педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру. Педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру үшін кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге дайындайды.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы		«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы		«Балаларды ерте дамыту институты»	
		саны	пайызы	саны	пайызы	саны	пайызы
2021-2022	32	8	25 %	3	9,3%		
2022-2023	31	7	23 %	1	3,2%	2	6,4%



Қорытынды: Жыл сайын №35 «Балақай» бөбекжай-бақшамызда педагогтар біліктілік арттыру курстардан өтеді. Өз кезегінде біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтар алған білімін, іскерлігін, дағдысын практикада табысты қолданып, білімдерін әр үш жыл сайын жетілдіріп отырады. Талдау бойынша бөбекжай – бақшамызда 2021-2022-2023 оқу жылы бойынша барлық 31 педагогтың 31 педагогында курстан өткен сертификаттары бар

Қосымша тіркелді: 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы педагогтардың кәсіби біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттар.

Тұжырым: Жалпы алғанда бөбекжай-бақшаның кадрлар құрамы айтарлықтай тұрақты, ол кәсіби біліктің, шығармашылықтың және өз жұмысының нәтижелері үшін жауапкершіліктің жоғары деңгейін көрсетеді.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

№35 «Балақай» бөбекжай – бақшада тәрбиеленушілері INDIGO -24сайты арқылы жолдама алады. Әрбір балаға жеке іс рәсімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы МДҰ-ға қабылдау туралы ата-ананың өтініші, МДҰ мен ата-аналар арасындағы келісім шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы тіркеледі.

3.1.Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау. Жасына байланысты тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет. Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәлімет.

«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы қағидасы бойынша жасақталды:

2021-2022 оқу жылы

№	Топтар	Бала жасы	Бала саны
1	Ерте жас «Бөбек»	1 жастан бастап	10
2	Кіші топ «Балапан»,	2 жастан бастап	20
3	Кіші топ «Ботақан»,	2 жастан бастап	20
4	ортаңғы «Гүлдер»	3 жастан бастап	25
5	ортаңғы «Күншуақ»	3 жастан бастап	25
6	ортаңғы «Балақай»	3 жастан бастап	25
7	ересек «Болашақ»	4 жастан бастап	25
8	ересек «Жұлдыз»	4 жастан бастап	25
9	ересек топ «Бәйтерек»,	4 жастан бастап	25
10	ересек топ «Шаңырақ»	4 жастан бастап	25
11	мектепалды даярлық «Сұңқар»	5 жастан бастап	22
12	мектепалды даярлық «Таңшолпан»	5 жастан бастап	25
Барлығы 12 топ			272

2022-2023 оқу жылы

№	Топтар	Бала жасы	Бала саны
1	Аралас топ «Бөбек»	1-3 жастағы балалар	15
2	Кіші топ «Балапан»,	2 жастағы балалар	20
3	Кіші топ «Ботақан»,	2 жастағы балалар	20
4	ортаңғы «Гүлдер»	3 жастағы балалар	25
5	ортаңғы «Күншуақ»	3 жастағы балалар	25
6	ортаңғы «Балақай»	3 жастағы балалар	25
7	ортаңғы «Жұлдыз»	3 жастағы балалар	25
8	ересек «Болашақ»	4 жастағы балалар	25
9	ересек топ «Бәйтерек»,	4 жастағы балалар	25
10	ересек топ «Шаңырақ»	4 жастағы балалар	25
11	мектепалды даярлық «Сұңқар»	5 жастағы балалар	23
12	мектепалды даярлық «Таңшолпан»	5 жастағы балалар	21
Барлығы 12 топ			274

3.2. Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәлімет.

Бөбекжай-бақшада іс номенклатурасына сәйкес балалар қозғалысы тіркелетін қозғалыс журналы, бұйрықтар, бұйрықтарды тіркеу журналы бар. Балалардың жеке іс қағаздары тізімге сәйкес жинақталған.

3.3. 1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.

№ 35 «Балақай» бөбекжай-бақшада Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі -5 жыл, бір жас тобында -1 жыл. Тәрбиеленушілер 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері сақталады.

Қорытынды: № 35 «Балақай» бөбекжай-бақша топтарының толықтырылуы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымшасына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4 тарау, 24, 25, 26 тармағындағы талаптарға сай.

Қосымша тіркелді: 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы 3- қосымша.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1. 2021-2022 оқу жылының оқу жоспарлары мен ұйымдасқан іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

2021-2022 оқу жылында бөбекжай- бақшада 12 топ жұмыс жасады, оның ішінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар саны -12, Барлығы – 272 бала тәрбиеленді.

Барлық топ жас ерекшелікке сәйкес құрылған:

Ерте жас (1 жастан бастап) – 1 топ: «Бөбек»

- Кіші топ (2 жастан бастап) - 2 топ: «Балапан», «Ботақан»
- Ортаңғы топ (3 жастан бастап) - 3 топ: «Гүлдер», «Күншуақ», «Балақай»
- Ересек топ (4 жастан бастап)- 4топ: «Шаңырақ», «Болашақ», «Жұлдыз», «Бәйтерек»
- Мектепалды даярлық тобы (5 жастан бастап) - 2 топ: «Сұңқар», «Таңшолпан»

№35 «Балақай» бөбекжай-бақшаның 2021-2022 оқу жылының үлгілік оқу жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына сай жасақталды.

Үлгілік оқу жоспары 1 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналып жасақталды. Үлгілік оқу жоспары №35 «Балақай» бөбекжай-бақшаның 2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді.

Үлгілік оқу жоспары ерте жас топтан мектепалды даярлық тобы аралығын қамтиды.

Қосымша тіркелді: 2021-2022 оқу жылының Үлгілік оқу жоспары.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламалары (вариативті) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

№35 «Балақай» бөбекжай-бақшада вариативті компонентті жоспарлау кезінде балалардың жас мен жеке ерекшеліктері, олардың қызығушылықтары мен отбасы мүшелерінің уәждері және педагогтардың білім беру қажеттіліктері ескерілді, сондай-ақ бөбекжай-бақша педагогикалық ұжымының мүмкіндіктеріне бағдарланған.

2021-2022 оқу жылы

№	Жас кезеңдері	Апталық жүктемесі	Вариативтік компонент
1	Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	1	«Ертегі бізде қонақта»-1 сағат
2	Ересек топ (4 жастан бастап)	2	«Тапқыр достар» -1 сағат «Кел, билейік» - 1 сағат

3	Мектепалды даярлық топ (5 жастан бастап)	3	«Сиқырлы әріптер»-1 сағат; «Кел, билейік»-1 сағат; «Ойна да, ойлан»-1 сағат.
---	---	---	--

Қорытынды: «Ертегі бізде қонақта, «Кел, билейік», «Тапқыр достар», «Ойна да, ойлан» , «Сиқырлы әріптер» вариативті компонент жоспарлары №«Балақай» бөбекжай-бақшаның 2021 жылдың 31 тамызда № 1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Қосымша тіркелді: 2021-2022 оқу жылының ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарына арналған вариативті компонент жоспарлары.

№35 «Балақай» бөбекжай-бақшаның тәрбиелеу-білім беру процесі өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға; циклограммаға сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде тәрбиешілер және басқа да педагогтер (орыс тілі мұғалімі, саз жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және т.б.) құрастырады.

Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың бірізділігі мен саны 2021 жылдың 31 тамызда №1 педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындауды қарастырылды. Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары айқындалды.

Қосымша тіркелді: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнының іске асыруда ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарының 2021-2022 оқу жылының перспективалық жоспарлары.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагогтар перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырды. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрды, ол балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі - ҰОҚ), серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Қосымша тіркелді: 2021-2022 оқу жылының ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарының циклограммасы.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Күн тәртібінің дұрыс орындалуы баланың жүйкесіне және ағзасының барлық өсу, даму процесінің дұрыс жетілуіне игі әсерін тигізеді. Тұрақты күн тәртібі бала денсаулығын жақсартады. Сондықтан да балабақшамызда барлық топ жас ерекшеліктеріне арналған күн тәртібі санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жасақталып, 31 тамыз 2021 жылдың №1 педагогикалық кеңеспен бекітілді.

Қосымша тіркелді: 2021-2022 оқу жылының ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарына арналған күн тәртібінің кестесі.

2021-2022 оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру

№35 «Балақай» бөбекжай-бақшасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жұмыс жоспары жасақталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған

Қосымша тіркелді: №35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының жұмыс жоспары.

2022-2023 оқу жоспарлары мен ұйымдасқан іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

2022-2023 оқу жылында бөбекжай- бақшасында 12 топ жұмыс жасайды, оның ішінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар саны -12, Барлығы – 274 бала тәрбиеленді.

Барлық топ жас ерекшелікке сәйкес құрылған:

Аралас топ (1-3 жастағы балалар) – 1 топ: «Бөбек»

- Кіші топ (2 жастағы балалар) - 2 топ: «Балапан», «Ботақан»
- Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 4 топ: «Гүлдер», «Күншуақ», «Балақай» «Жұлдыз»
- Ересек топ (4 жастағы балалар)- 3топ: «Шаңырақ», «Болашақ», «Бәйтерек»
- Мектепалды тобы (5 жастағы балалар)- 2 топ: «Сұңқар», «Таңшолпан»

№35 «Балақай» бөбекжай-бақшаның 2022-2023 оқу жылының үлгілік оқу жоспары

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығына сай жасақталды.

Үлгілік оқу жоспары №35 «Балақай» бөбекжай-бақшасының 2022 жылдың 16 қыркүйекте кезектен тыс №2 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді. Үлгілік оқу жоспары аралас «Бөбек топтан мектепалды тобы аралығын қамтиды.

Қосымша тіркелді: 2022-2023 оқу жылының Үлгілік оқу жоспары

Үлгілік оқу жоспары негізінде мектепалды топтарына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі жасақталды, ол өз кезегінде жүктемені реттеуге, әр түрлі қызмет түрлерін оңтайлы алмасуына мүмкіндік береді.

Қосымша тіркелді: 2022-2023 оқу жылының мектепалды топтарына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.

Оқу жоспарының жүктемесін сақтай отырып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» 2022 жылғы 14 қазан № 422 бұйрығына сай барлық жас ерекшелік топтарға арналған перспективалық жоспар құрылды.

Қосымша тіркелді: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұның іске асыруға ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарының 2022-2023 оқу жылының перспективалық жоспарлары.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер бірлесе отырып апталық тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасын жасақтады.

Қосымша тіркелді: 2022-2023 оқу жылының ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтарының тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.

Вариативті компонент жоспардың жүзеге асырылуы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарлары құрылды. Вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық –физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескерілді. Вариативтік компонент күннің II жартысында жоспарланды және өткізілді.

2022-2023 оқу жылы

№	Жас кезеңдері	Вариативтік компонент
1	Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	«Ертегі бізде қонақта»
2	Ересек топ (4 жастағы балалар)	«Кел, билейік» «Тапқыр достар»
3	Мектепалды тобы (5 жастағы балар)	«Кел, билейік» «Ойна да, ойлан»

Қорытынды: «Ертегі бізде қонақта, «Кел, билейік», «Тапқыр достар», «Ойна да, ойлан» вариативті компонент жоспарлары №«Балақай» бөбекжай-бақшаның 2022 жылдың 31 тамызда № 1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Қосымша тіркелді: 2022-2023 оқу жылының ортаңғы, ересек, мектепалды топтарына арналған вариативті компонент жоспарлары.

Күн тәртібінің дұрыс орындалуы баланың жүйкесіне және ағзасының барлық өсу, даму процесінің дұрыс жетілуіне игі әсерін тигізеді. Тұрақты күн тәртібі бала денсаулығын жақсартады. Сондықтан да балабақшамызда барлық топ жас ерекшеліктеріне арналған күн тәртібі санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жасақталып, 2022 жылдың 31 тамыз №1 педагогикалық кеңеспен бекітілді.

Қосымша тіркелді: 2022-2023 оқу жылының ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтарына арналған күн тәртібінің кестесі.

4.2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

2021-2022 оқу жылында инвариантты бөлігінде білім беру салалары бойынша

- Ерте жас «Бөбек» тобында (1 жастан бастап) «Денсаулық»-108, «Қатынас»-36, «Таным»-36, «Шығармашылық»-72 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі – 252 сағат.

- Кіші «Балапан», «Ботақан» топтарында (2 жастан бастап) «Денсаулық»-108, «Қатынас»-36, «Таным»-72, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі – 324 сағат.

- Ортаңғы «Күншуақ», «Гүлдер», «Балақай» тобы (3 жастан бастап) «Денсаулық»-108, «Қатынас»-72, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108, «Әлеумет»-18 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі – 396 сағат.

Вариативтік компонент-36 сағатты қоса алғанда жылдық оқу қызметінің ең жоғарғы 432 сағат.

-Ересек «Бәйтерек», «Жұлдыз», «Болашақ», «Шаңырақ» тобы (4 жастан бастап) «Денсаулық»-108, «Қатынас»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеумет»- 18 сағат. Жылдық оқу жүктемесі- 432 сағат. Вариативтік компонент-72 сағатты қоса алғанда жылдық оқу жүктеменің ең жоғарғы көлемі 504 сағат.

- Мектепалды даярлық «Сұңқар», «Таңшолпан» тобы (5 жастан бастап) «Денсаулық»-108, «Қатынас»-180, «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»-54 сағат, жылдық оқу жүктемесі -612 сағат. Вариативтік компонент-108 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктеменің ең жоғарғы көлемі 720 сағат.

2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесі балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру: дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сенсорика, математика негіздері, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

- Аралас «Бөбек» тобында (1-3 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Кіші «Балапан», «Ботақан» топтарында (2 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Ортаңғы «Балақай», «Күншуақ», «Гүлдер», «Жұлдыз» топтарында (3 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Қазақ тілі»-36 «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі -180.

- Ересек «Бәйтерек», «Болашақ», «Шаңырақ» топтарында (4 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Қазақ тілі»-36 «Музыка»-72 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі -216.

- Мектепалды «Сұңқар», «Таңшолпан» топтарында (5 жастағы балалар) «Дене шынықтыру» - 108, «Сөйлеуді дамыту»-72, «Көркем әдебиет»-72, «Қазақ тілі» - 72, «Сауат ашу негіздері» -108, «Математика негіздері» - 108, «Қоршаған ортамен таныстыру»-72, «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» -36, Музыка-72

Жылдық оқу жүктемесі -720.

Қорытынды: № 35 «Балақай» бөбекжай-бақшасының 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылды. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес және сақталды.

5. Оқу-материалдық активтер

5.1. Ғимарат туралы мәлімет.

Бөбекжай –бақша 2017 жылдың қазан айында іске қосылды. Жобалық қуаттылығы - 12 топ, 280 бала.

Бөбекжай- бақшаның ғимаратының жалпы ауданы 2267,2 шаршы метр. Бөбекжай-бақшаның ғимараты тұрақты жер пайдалану құқығына ие. Жер учаскесінің алаңы: 0,9085 га. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 04-066-059-5249

Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау сызба жоспары ғимараттың әр қабатында ілініп, өрт сөндіру құралдарымен толықтай жабдықталған. Автоматты өрт дабыл қаққыштар жұмыс жасайды, апаттық (эвакуациялық) жарықтандыру белгілері орналасқан.

